



PhD докторанты, Ішкі Моңғолия университеті,  
Қытай, Хохот қ., e-mail: mongel@126.com

## МУЗЕЙЛІК ЭТНОГРАФИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР (Алматы қаласындағы этнографиялық жұмыстардың негізінде)

Музейлік этнография жәдігерлерді жинақтау, зерттеу және көрсету сияқты көрінеді, бірақ іс жүзінде бұл біздің тарихи ата-бабаларымызды немесе жергілікті халықтың мәдени мұраларының ерекшелігін танытатын бағыт. Атап айтсақ, музейлік этнография әдісінде – жинақтар мен жіктеулерді біріктіру, академиялық зерттеулер мен экспонаттарды интерпретациялаудың үйлесімі, сондай-ақ, әлеуметтік тарих пен мәдениетті сақтау және көрсету функциясы мен әлеуметтік дамудың ретін көрсету функциясы бар. Қазақстандағы музейлік этнография бағыты өзінің ерекше даму тарихымен, зерттеу нысандарымен, білім жүйесімен және үш өлшемді ғарыш құрылысымен (музейлер, экспонаттар, келушілер) дәстүрлі көшпелілер мәдениетін сақтауда және қазақтың рухани өркениетін жандандыруда үлкен рөл атқарады. Бұл зерттеуде автор Қазақстандағы этнографиялық дала жұмыстары арқылы «басқалар туралы» (the other) антропологиялық тұрғысынан, Алматы қаласындағы барлық музейлердегі этнографиялық коллекциялар мен олардың тұрақты көрмесін талдайды және зерттейді, содан кейін далалық жұмыстарды музей антропологиясының теориясымен үйлестіреді және мынаны ұстанады: ойлаудың және әдіс-тәсілдердің бірі ретінде Қазақстан этнография музейі жүйелі зерттеу мен далалық жұмыстарға үлкен мән береді. Бұл музейдің коллекциялық тәжірибесі үшін құнды анықтамалық жол ұсынады. Бұл бағыттағы зерттеулердің этнография үшін маңызы ерекше.

**Түйін сөздер:** музей, антропология, музейлік этнография, далалық жұмыстар, мәдени құндылық.

Wurigemule

PhD student, Inner Mongolia University,  
China, Hohhot, e-mail: mongel@126.com

### Museum ethnography and cultural values in Kazakhstan (Based on ethnographic works in Almaty)

Museum ethnography may seem like a collection, study, and display of artifacts, but in reality It's a cultural representation that reflects the cultural heritage of historic ancestors or the uniqueness of exotic people. Specifically, the method of ethnography museum is to pay equal attention to collection and classification of collections, and it is a combination of academic research and interpretation of exhibits. It has the function of preserving and displaying social history and culture and representing the order of social development. With its unique development history, research objects, knowledge system and three-dimensional (museum, exhibits and audience) space construction, Museum ethnography in Kazakhstan has played a huge role in preserving the traditional nomadic culture and reviving the Kazakh spiritual civilization. In this study, through ethnographic field work in Kazakhstan from the perspective of anthropology "the other", the author conducted participatory observational analysis and research on the ethnographic collections and exhibitions of all museums in Almaty city. Then combined with the museum anthropological theories, holds that: as a kind of thinking and method, museum ethnography of Kazakhstan attaches great importance to systematic investigation and field work, which provides valuable reference path for the collection practice of the museum and is of great inspiration for the development and construction of the museum in Kazakhstan.

**Key words:** Museum, Anthropology, Museum ethnography, Field work, Cultural representation.

Уругмыл

Аспирант, Университет Внутренней Монголии,  
Китай, г. Хух-Хото, e-mail: mongel@126.com**Музейная этнография и культурные ценности в Казахстане  
(на основе этнографических работ в Алматы)**

На первый взгляд, музейная этнография может показаться коллекцией, изучением и экспонированием артефактов, в действительности это культурные ценности, отражающие культурное наследие исторических предков или особенность древних людей. Именно метод исследования музейной этнографии заключается в том, чтобы уделять равное внимание коллекциям и их классификации, он сочетает научные исследования и толкование экспонатов, а также выполняет функцию сохранения и отображения социальной истории и культуры, и выстроен по этапам общественного развития. Музейная этнография в Казахстане обладает уникальной историей, объектами исследований и системой знаний, его трехмерное пространство (музей, экспонаты и аудитория) сыграло огромную роль в сохранении традиционной кочевой культуры и возрождении казахской духовной цивилизации. В данном исследовании автор, опираясь на антропологическую теорию «о другом» (the other), провел этнографические полевые работы, используя совместный наблюдательный анализ, исследование этнографических коллекций и всех выставок, а также музеев в Казахском городе Алматы. Затем, основываясь на сочетании антропологических теорий музея, полагает, что этнография музея Казахстана, как своего рода мышление и метод, придает важное значение систематическим исследованиям и полевым работам, что обеспечивает ценный ориентир для коллекционной практики музея и его работа очень полезна для развития и строительства музея.

**Ключевые слова:** музей, антропология, музейная этнография, полевая работа, культурные ценности.

**Кіріспе**

Музей мәдени мекеме ретінде элеуметтік мәдениеттің нақтыланған және материалдандырылған тиімділігіне ие. Ал, пән ретінде антропология элеуметтік мәдениетті зерттеу және жазу артықшылығына ие. Виктория дәуірінде (1840-1920 жж.), яғни репрезентативтілік жүйедегі мәдениетке деген жалпы ұмтылыс кезеңінде музейлер мен антропология бағыты бір-бірімен тығыз байланысты дамыды. Осылайша әлемдік музей ісі аясында музейлік этнография бағыты қалыптасты. Яғни, музейлік этнография – мәдени антропология мен музейдің тығыз ынтымақтастығының жемісі деп айтуға болады.

Музейлік этнография, әлемдік ғылымда музейлік антропология немесе музей антропологиясы деп те аталады, бұл бағыт этнографиямен байланысты барлық музейлерде бар. Музейдегі этнография ғылымын дамыту этнографиялық коллекцияны кешенді, пәнаралық байланыста зерттеуді талап етеді. Музейлік этнография ғылымына музейлік затты зерттеуден бөлек, әдебиет, дала кезеңінде жинақталған және анықталған әртүрлі мәдени фактілердің ресурстары мен контексті, элеуметтік мәдени танымның сөзсіз сипаттамасы, яғни ұлттық мәдениетті және элеуметтік фактілерді және олардың құрылымын талдау, ұлттық қоғамның

жұмыс істеу механизмін ашу жатады. Басқаша айтқанда, этнографиялық мәтіндер мен этнографиялық фильмдер сияқты, музейлік этнография белгілі бір мәдениетті (құбылысты) далалық зерттеуден кейін материалдандырылған көріністің бір түрі және «басқа» (“other”) мәдени нысандарды жинау және көрсету орны болып табылады.

**Музейлік этнографияның маңызы**

Француз антропологи Claude Levi-Strauss: «Музейлік антропологияның рөлі (музейлік этнография) далалық жұмыстардың жалғасы сияқты. Шынында, зерттеу нысандарымен байланыс – музей қызметкерлерінен далалық жұмыстарда кішіпейілділікті, қоғамдық ортада техникалық қызметті қоса көрсетуді талап етеді. Жинақтарды жүйелеу, жіктеу, бағалау және талдау, зерттеу нысанындағы экспонаттарға жоғары жауапкершілікті қалыптастырады. Мұралардың қолданыс аясын, маңыздылығын түсіну үшін осы құралдардың кейбірін жасауды үйрену және қолдану қажет болады, сондықтан да жергілікті тұрғындармен тікелей байланыс орнату маңызды. Ғылымдағы бұл әрекет, этнографиялық мұралардың өзіндік құрылымын ашады. Тіпті, олардың формасы, иісі сияқты өмірдегі, қолданыстағы қызметінің алыс фор-

маларын бейсаналық түрде біледі. Одан басқа, адамның талантын құрметтеудің әртүрлі көріністері – оның талғамы мен зеректілігін қайта-қайта сынап көретін мағынасыз болып көрінетін заттарға деген құрметті сезінбеу мүмкін емес еді. Сондықтан мұның бай және терең тәжірибесін бағаламауға болмайды» – дейді (Claude Levi-Strauss, 2006: 397-398).

Музейлік этнографияның ретке келуі заманауи адамзат танымының шежіресімен қатар жүрді, яғни эволюция теориясы, тарату теориясы және тарихи спецификат ертедегі адамдарда біртіндеп пайда болды, олар музейлік этнографияда экспонаттарды жинау, жіктеу және орналастыру өлшемдерін басқарды. Осылайша, музейлік этнография теориялардың, тұжырымдамалардың және ойлау бағыттарының көрмесіне айналады. Тарихи тұрғыдан алғанда, музейлік этнография дәуірі – бұл музейтану дәстүрінің жалғасы. Экспонаттарды көрсету реті тұрғысынан, музейлік этнография мен этнографиялық мәтін бірлесіп, ертедегі антропологиялық теориялардың зерттелуін, ашылуын және қайшылықтарын түсіндірді. Методология тұрғысынан музейлік этнографияның бірегей далалық жұмыстары, теориясы және пәнаралық перспективасы музей антропологиясының әдісіне айналады. Демек, музейлік этнография – бұл «басқасын» ұсынатын музей, мәдени мекемесі ғана емес, сонымен қатар бұл қазіргі музеология және антропологияның дағдарысын түсінудің, көрсету мен түзетудің әдіснамалық тәсілі. Арнайы классификация, дисплей және интерпретация, ойлау мен әдіс түрі ретінде қазіргі заманғы музейдің болашақтағы дамуы үшін тиімді болып табылады. Музейлік этнография дәуірінде антропологиялық теория мен музейдің көрме кеңістігі «басқаның» әлемін және адамзаттың өткен тарихын, қиялын бірге ұсынады (William Sturtevant, 1969: 619-633; Franz Boas, 1887: 485-486).

### **Музейлік этнография ғылымының қалыптасуы**

Музей антропологиясы тарихы – бұл антропологияның пән ретінде және музей мәдени көрме мекемесі ретінде бір-біріне жақын және бір-біріне тәуелді болатын тарихы. Бұрын Еуропалық Ренессанс кезеңіндегі «құндылықтар кабинеті» (curiosity of cabinet) болған этнография музейі «алыстағы құпиялар» және «экзотикалық басқалар» көрмесін өткізетін орын болып табылған еді. Аристократия мен мәртебелі таптың мәдени мәртебесінің ныша-

ны ретінде кабинеттің құрамдас бөлігі табиғат нысандары мен адам өмірінің мәдени өнімдерін қамтиды. Коллекторлар барлығын көрсетуге, табиғат пен адамзаттың шындығын және тарихын шектеулі кеңістікке шығуға тырысады, осылайша микрокосмостың абсолютті шеберлігі мен макрокосмостың символдық шеберлігін растайды.

XV ғасырдан бастап ақсүйектер мен әлеуметтік артықшылықты иемденген таптардың бағалы бұйымдар қоймасынан біртіндеп бөлініп шыққан «антропологиялық музей» мамандандыру сипатына ие болды. Бұл процесс теңіз жолдары дәуірінің географиялық ашылуларымен тығыз байланысты. Теңіз жолдарын игерудегі технологиясының керемет жетілдірілуі Еуропа елдері мен әлемнің арасындағы қашықтықты едәуір қысқартты. Соғыс, барлау және миссия қажеттіліктері үшін шетелде экзотикалық заттарды жинау сәнге айналды. Шетелдегі гетеромәдениет коллекцияларының тез өсуі нәтижесінде «антропологиялық музей» тәртібі және ғылыми қағидаттар ретінде ғылыми классификация әдісі қазынашылық жүйесінен бөлінді, тәуелсіз «экзотикалық мәдениет» зерттеу орнына айналды.

1837 жылы Нейдерландыдағы Лейден университеттік қаласында ашылған Мемлекеттік этнография музейі әлемдегі ең көне мамандандырылған этнография музейі болып саналады. Король Виллем I тапсырмасымен ғалымдар әлемнің әр елінен этнографиялық коллекция жинақтайды. 1935 жылы Нидерланды Ұлттық этнография музейі болып қайта құрылған бұл музейде қазіргі таңда 240 мыңнан астам мәдени құндылықтар сақталған. Алғашқы Ұлттық этнография музейі құрылғаннан кейін бірнеше онжылдықтың ішінде континенталды Еуропа елдері мұны «антропологияға» байланысты мәдени көрме институттарын құру үшін шаблон ретінде қолданды.

Осы негізде 1866 жылы АҚШ-та құрылған Peabody археология және этнология музейі қазіргі заманғы музей антропологиясы бағытын антропологияның мамандандырылған пәнімен одан әрі байланыстырады. Институттар мен пәндердің бірігуі «музей антропологиясы» дәуірінде басталды (1840-1920), оны кейбір ғалымдар «Антропологияның алғашқы дәуірі» (“The First Age of Anthropology”) деп те атады. Музейлер антропологияны жоғары оқу орындары сияқты дербес пән ретінде мойындамастан бұрын толық және тиімді жұмыс жағдайын жасады. Антропологиялық музейлер немесе

музейлік антропология бағыты қалыптасқан музейлер негізгі зерттеу материалдары жиналып, сұрыпталатын орын, зерттеуші таланттарды өсіруге арналған база және антропологиялық білімді шығару және тарату орталығы болып саналады (Fiona Cameron, Sarah Mengler, 2009: 189; Witcomb Andrea, 2003).

### **Қазақстандағы музей құрылымына көзқарас**

Жас тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан 200 жылға жуық музейлердің даму тарихына ие. Қазақстандағы музейлердің құрылысы XIX ғасырда Ресей империясы кезінде басталып, XX ғасырда Кеңес Одағының құрамында дамыды. 1991 жылы тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаннан кейін, Қазақстан музейінің негізгі міндеттің бірі – қазақ этнографиялық артефактілері мен дәстүрлі қазақ мәдениетін жинау, қалпына келтіру, көрсету және дамыту болды. Кәсіби мен беделді ғылыми-зерттеу институты және мәдени баяндау (cultural narrative) пәні ретінде, Қазақстандағы музейлер қазақтың ұлттық тарихын өзгертуде және ұлттық рухани өркениеттің жаңғыру стратегиясы аясында қазақтың дәстүрлі мәдениетін сипаттауда маңызды рөл атқарды.

Қазақстандағы ең алғашқы музей XIX ғасырда құрылды. 1830 жылы Орынбор губернаторы П. Сухтелен жергілікті халықтан этнографиямен байланысты заттарды жинауды ұйымдастырды. «Алғашқы жинақтарға жеке Сібір корпусы штабының бастығы генерал-майор Г. Броневский тарту еткен Қарқаралы округінен алынған ертедегі киім үлгілері, мүсіндер кірді. Музей жинақтарын Жәңгір ханның отбасы сыйлаған хан ұрпақтарының киімдері, сәукеле, жібек көйлектер, асыл тастармен безендірілген бархыт шапандары ерекше толықтырды. Осы жинақталған құнды жәдігерлердің негізінде 1831 жылы Орынбор губерниялық музейі ашылды» (Әлімбаев, 2009: 13; Нурсан Әлімбаев, 2018: 43; Амирова, 2019; Картаева, 2005: 579).

XIX ғасырдың екінші жартысында құрылған музейлер: Орал музейі (1859), Семей музейі (1883), Жетісу музейі (1898). XX ғасырдың басында құрылған музейлер: Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі (1915), Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі (1915), Көкшетау музейі (1920), Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі (1924), Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі (1929),

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі (1932).

1830 жылы құрылған Орынбордан ашылған музейі 1929 жылы Алматы қаласына көшірілді. 1931 жылы Жетісу музейі коллекциясын қосып, негізінде ҚР Мемлекеттік орталық музейі болып құрылды. Бұл Азиядағы ең бай этнографиялық экспонаттары бар музей болып саналады. Сонымен қатар, Қазақстандағы ең ірі ғылыми-зерттеу мен білім-беру мекемесі және мәдени-реставрация орталығы. XX ғасырдың аяғында, Қазақстандағы музейлердің саны 139-ға жеткен (Абикенова, 2014; Кайназарова, 1995; Мұстапаева, 2011). Ал, 2019 жылғы мәлімет бойынша Қазақстандағы музейлердің саны 245-ке жеткен, коллекциялар мен көрмелерде 3,6 миллионнан астам экспонат бар.

### **Қазақстандағы музейлік этнография және экспонаттар танымы**

Алматыдағы этнографиялық далалық жұмыс барысында автор 30-дан астам музейге барып, талдау жасаған (2020 жылдың сәуіріне дейін). Бұл музейлердің масштабы мен көрме мазмұнына сәйкес оларды келесідей жіктеуге болады:

Кешенді музейлер (ҚР Мемлекеттік Орталық музейі; Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік Өнер музейі; Алматы тарихы музейі; Ықылас атындағы музыкалық аспаптар музейі);

Мемориалдық музейлер (Ахмет Байтұрсынұлының музей үйі; М.О. Әуезовтың ғылыми мәдени орталығы; Д.А. Қонаевтың мемориалдық музей үйі; Ә. Қастеевтің музей үйі; «Батыр Бабалар» мемориалы; Нұрғиса Тілендиевтің мемориалдық музей үйі; С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің әдеби мемориалдық музей кешені; Ғазиза және Ахмет Жұбановтар мұраларын зерттеу орталығы).

Мекемелік музейлер (ҚР Ұлттық Банк музейі; Алматы қ., ПД музейі; «Ғылым Орда-сы» музейлері; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ музейлері: ҚазҰУ тарихы музейі, Зоология музейі, Палеолит музейі, Фараби музейі, Археология музейі, Этнография музейі; Алматы қаласындағы ЖОО музейлері).

Кәсіптік музейлер (Спорттық және Олимпиадалық даңқ Республикалық музейі; ҚР Теміржол транспорты музейі; М. Әуезов атындағы драма театр музейі; ҚР Геологиялық музейі; Мультимедиялық дәстүрлі өнер орталығы; Қазақ Ұлттық Медицина академиясы музейі).

Алматы музейлеріндегі этнографиялық коллекциялар концептуалды, тақырыптық экспозициялық және сценариялық стильдерде көрсетілген, олардың мәдени маңызы экспонаттарды санаттау, түсіндіру және тұжырымдау процесінде ұсынылған. Музей кеңістігіндегі экспонаттардың мағынасын көрсету арқылы ол экспонаттардың түсінігі мен түсіндірмесін жаңғыртып, музей кеңістігінің ретін қалыптастырады. Атап айтқанда, бір жағынан, музейге келушілер экспонаттарға көз жүгірте отырып, мұралардың мәдени және тұрмыстағы қолданыстық маңызын түсінеді. Екінші жағынан, музейге келушілер өздерін экспонаттар ұсынған музей кеңістігіне орналастырады, ал музейге келушілер музей кеңістігін жасаушылардың бірі болады.

Алматыны мысалға ала отырып, Қазақстандағы музейлердің тұрақты көрме залдары мен көрсетілімдегі экспонаттар (exhibitsrepresentation) келесі сипаттамаларға ие:

1. Мемлекеттік билік пен Елбасының көрмесі. Тарихи өлкетану бағытындағы, әрі этнографиялық коллекция жинақталған музейлердің қай түріне қарамай, Қазақстанның мемлекеттік рәміздері, яғни мемлекеттік туы, елтаңбасы, мемлекеттік әнұраны, мемлекеттік биліктің рәміздері, Тұңғыш Президенттің портреті, мемлекеттік символдар «Барыс» бейнесі мен «Алтын адам» көрінісі бейнеленген. Бұл Қазақстанды толықтай мемлекеттік билік жүйесі мен тәуелсіз ұлттық мемлекет ретінде көрсетеді. ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, Нұр Сұлтан қаласындағы Ұлттық музей, Алматы музейлер бірлестігі және т.б. ірі музейлер Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жаңа келбетті көрсету үшін арнайы көрме залдарын ашты.

2. Қазақтың дәстүрлі этнографиялық тұрақты көрмесі. Қазақстан музейлерінде қазақтың ұлттық дәстүрлі мәдениетін көрсету өте маңызды және мазмұнды болады. Ірі, кешенді музейлердің барлығында дерлік этнография залы, тұрақты көрме жұмыс істейді, көрменің негізгі мазмұны – көшпелі өндіріс тәсілдері және қазақ халқының дәстүрлі жергілікті танымы. Мысалы: киіз үй, тұрмыстық керек-жарақтар, тұрмыстық киізден жасалған бұйымдар мен тоқыма бұйымдары, ұлттық киімдер, зергерлік бұйымдар, ауыл шаруашылық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған құралдар, ер тоқымдар, ұлттық музыкалық аспаптар, дәстүрлі ойындар, халықтық білімдер, шаманизмге байланысты дәстүрлі емшілігі (бақсылық, сүйек, ветеринарлық) және т.б. Бұл

экспонаттар негізінен теріден, киізден, ағаштан, сүйектен және алтын мен күмістен жасалған бұйымдардан тұрады.

Ал, кішігірім мемлекеттік мекемелердің, белгілі бір ұйымдардың музейлерінің параметрлерінде, қазақтың дәстүрлі этнографиялық бейнелері негізінен киіз үйдің шаңырағын безендіру, сонымен қатар көшпелі тұрмыстық бұйымдар, ұлттық киімдер мен зергерлік бұйымдар және басқа қазақ ұлттық дәстүрлі мәдениетін көрсететін экспонаттардан құралады және көрнекті жерлерде көрсетіледі.

3. Тұрақты тарихи көрмелер. Қазақстанда табылған археологиялық жәдігерлер мен суреттер көрмесі арқылы, музейге келушілерге палеонтология және антропологиялық эволюциясы, қазақ ұлтының эволюциясы, қазақ хандығының тарихы, түркі халықтарының тарихы туралы баяндайды. Мысалы, көптеген музейлерде 1969 жылы Есік өңірінде табылған «Алтын адам» мен жануарларға арналған әшекейлері қойылған. «Алтын адам» қазақ даласындағы көшпелі ата-бабалардың керемет металлургиялық өңдеу технологиясы мен бай рухани мәдениетін ұсынады. Сонымен қатар, Ежелгі Жібек жолы мен қазақ хандығының тарихы, сондай-ақ орта ғасырларда оңтүстік қазақтарға енгізілген исламның даму тарихы, ертедегі патшалардың кесенелері үлгісінде, ежелгі қала қирандыларының және араб жазбаларының нысандарында көрсетілген.

4. Елдегі басқа ұлттардың, диаспоралар мәдениетін және шетелдегі қазақ диаспорасын көрсету. Негізгі жергілікті халық қазақтан басқа, Қазақстан аумағында 130-дан астам этникалық топ тұрады, олардың ішінде орыстар, украиндар, ұйғырлар, корейлер, татарлар, өзбектер, дүңгандар т.б. бар. Көптеген этникалық топтардың мәдениеттері, діндері және музыкалық стильдері бар, олар Қазақстанның түрлі-түсті мәдени байлығын жасайды. Қазіргі уақытта 4 миллионға жуық қазақтар Қазақстаннан тыс 40-тан астам елде таралған. Бұл шетелдегі қазақтар өздерінің дәстүрлі мәдениетін сақтайды. Көрменің бұл бөлімінде негізінен олардың көші-қон тарихы, өмір сүру тәсілдері, киім-кешектері көрсетілген.

5. Соғыс тарихын көрсету. Қазақ халқы ежелден-ақ бостандықты сүйетін, жауынгер және қайсар күрескер халық болған, тарихта көптеген соғыстар мен қысымдарды бастан кешті. Мысалы, XVII ғасырдағы жоңғар хандығымен соғыс, XIX ғасырдағы Ресей империясының отарлық шапқыншылығы, XX ғасырдағы сталиндік ұжымдастыру кезеңіндегі екі үлкен

ашаршылық, Екінші дүниежүзілік соғыс, 1986 жылғы желтоқсандағы саяси оқиғалар және т.б. Қазақ ұлтының және Қазақстанның тарихы бөлігінде, саяси қудалаудың тарихи көрме залы, соғыс және ұлттық тәуелсіздік туралы тарихи материалдар, соғыс қарулары мен суреттері қойылған. Сонымен бірге мемориалдық музейлер, бұрынғы резиденция музейі және ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің өмір тарихын көрсету де маңызды нысан болып табылады.

### Қорытынды

Музей мәдени мекемесі коллекцияларды жинау және көрсету үшін кеңістік орны ғана емес, сонымен қатар қоғамның құндылықтары мен жұмыс логикасын бейнелейтін қоғамның микрокосмосы болып табылады. Бір жағынан музей адамзат тарихының нақты дәлелдерін жинақтайды, осылайша адамзаттың өткен тарихын нақтылайды. Екінші жағынан, музей сонымен бірге қоғамның мәдени бағдары мен құндылығын қалайтындығын көрсетеді, содан кейін қоғамның даму тенденциясын болжайды.

Антрополог Franz Boas «егер этнографиялық нысандар өздері өндірілетін ортадан, олардың айналасындағы заттардан және оларды өндірушілерге әсер ететін құбылыстардан окшауланған болса, олардың мәнін толық түсінуге болмайды» – дейді (Franz Boas, 1985: 79). Басқаша айтқанда, музей экспонаттары біртұтас заттың тұсаукесері емес, белгілі бір этникалық топтың «контексін» көбейту болып табылады. Егер «музейге кіру» бөліну сызығы ретінде қабылданса, этнографиялық заттардың қоғамдық өмірін екі кезеңге бөлуге болады: бірінші кезең – музей заты ретінде кірмес бұрын этнографиялық ортада заттарды өндіру, айналымы және тұтынуы, олар нақты әлеуметтік

қатынастарға қатысады; Екінші кезең – бұл этнографиялық заттарды олардың қалыптасуы мен айналымының әлеуметтік мәнін қалдырып, музей салған жаңа жүйеге жабық статикалық кеңістікке енеді. Яғни, екінші кезең – бастапқыда этнографиялық объектілердің әлеуметтік өмірін қиындату сияқты. Алайда, «контекст» көрме режимінде панораманы қалпына келтіру арқылы нысандар «модельденген» өмір сүру ортасына оралды және контекстуалдандыру процесін бастан өткереді. Яғни, бұл мағынаны қайта тағайындау процесі.

XX ғасырдың соңында антропологиялық теориялық көзқарасқа қайта енген «мәдени тұтастық» пен заманауи «жаһандық интеграцияның» даму тенденциясы, диахроникалық, динамикалық және тік құрылымдардың тұтастығына көп көңіл бөлінеді. Қалалық мәдени ортадағы антропологиялық музейлер үшін «тірі күй» деген атпен түрлі көрме нысандары және коммерцияландырудың эрозиясы музейлерге көбірек қиындықтар туындатады. Ғылыми зерттеулер және саяси мен мәдени құндылықтарды бағалайтын әлеуметтік жауапкершілікті өз мойнына алып, этнографиялық нысандарды сақтау және бейнелеу жөніндегі музей мекемесін жүргізу қазіргі қазақ музейлерінде сөзсіз шешілетін мәселе болып табылады. Қазіргі заманғы қазақстандық музейлік этнография құрылысына қатысты келесідей өзекті мәселелер туындайды: музей мекемесінің бизнесін қалай дамыту, дәлірек айтсақ, этнографиялық экспонаттарды жинау, сақтау және көрсетуге жаңа көзқарастың керектігі; сонымен бірге ғылыми зерттеу мекемесі ретіндегі академиялық мәртебе мен беделді қалай арттыру керек; мемлекеттік саясатқа және әлеуметтік мәдениетке бағдарланған әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға қатысты шешімдер қабылдауға болады.

### Әдебиеттер

- Stuart Hall. (2013). Representation Cultural Representation and Signifying Practices. 徐良陆兴华译. 商务印书馆. 7.  
 安琪. (2011). 表述异文化: 人类学博物馆的民族志类型研究. 思想战线. 2.  
 吕济民. (1991). 苏联博物馆发展史略. 中国博物馆. 2.  
 马腾嶽. (2011). 迈向“民族博物馆”新纪元: 台湾两座泰雅族博物馆的创置经验分析. 民族研究. 6.  
 尹凯. (2011). 重思民族志博物馆: 历史、秩序与方法. 青海民族研究. 1.  
 Fiona Cameron. Sarah Mengler (2009). Complexity, Transdisciplinarity and Museum Collections Documentation: Emergent Metaphors for a Complex World. Journal of Material Culture. 14. 189.  
 Franz Boas (1887). The Occurrence of Similar Inventions in Areas Widely Apart. Science. 485-486.  
 William Sturtevant (1969). Does Anthropology Need Museums? In Natural History Collections Symposium. Proceedings of the Biological Society of Washington. 11. 619-633  
 Witcomb Andrea (2003). Re-imagining the Museum: Beyond the Mausoleum. Routledge: London  
 Абикенова С.М. (2014). Қазақстандағы мұражайлардың қалыптасуы. «Молодой ученый». 22 (61).  
 Нұрсан Әлімбаев (2018). Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Алматы – Стамбул: Intelservice.

Нұрсан Әлімбаев (2009). Отандық музейдің ғылыми-зерттеу институттық құрылым ретіндегі мәртебесі. Орталық музей еңбектері. 2 томдық. Алматы: Ғылым баспасы.

Мұстапаева Д.Ө. (2011). Қазақстандағы музей ісінің құрылуы. Туркестан.

Кайназарова А.Е. (1995). Музейное дело в Казахстане (1831-1925 годы), Алматы.

Картаева Т. (2005). Музей. Ұлттық Энциклопедия. 6 том. Алматы.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі (2017). 5 томдық. Алматы: Адам Даму Интеграция.

### References

Stuart Hall. (2013). Representation Cultural Representation and Signifying Practices. Xuliang Luxinghua translated. Shang Wu Yin Shu Guan. 7.

AnQi. (2011). Biao shu yi wen hua: ren lei xue bo wu guan de min zu zhi lei xing yanjiu. S ixiang zhan xian. 2.

Lvjimin. (1991). Su lian bo wu guan fa zhan shi lue. Zhong guo bo wu guan. 2.

Matengyue. (2011). Mai xiang “min zu bo wu guan”xin ji yuan: tai wan liang zuo tai ya zu bo wu guan de chuang zhi jing yan fen xi. Min zu yan jiu. 6.

Yinkai (2011). Chong si min zu zhi bo wu guan: li shi zhi xu yu fang fa. Qing hai min zu yan jiu. 1.

Fiona Cameron. Sarah Mengler (2009). Complexity. Transdisciplinarity and Museum Collections Documentation: Emergent Metaphors for a Complex World. Journal of Material Culture. 14. 189.

Franz Boas (1887). The Occurrence of Similar Inventions in Areas Widely Apart. Science. 485-486.

William Sturtevant (1969). Does Anthropology Need Museums? In Natural History Collections Symposium. Proceedings of the Biological Society of Washington. 11. 619-633.

Witcomb Andrea (2003). Re-imagining the Museum: Beyond the Mausoleum. Routledge: London.

Abikenova S.M. (2014). Kazakstandagy murazhaylardyn kalyptasuy [The formation of Kazakhstan museums]. «Molodoy uchenyy». 22 (61).

Nursan Alimbay (2018). Uly dalanyn tarikhi-madeni kelbeti [The historical and cultural appearance of the Great Steppe]. Almaty – Stambul: Intellservis.

Nursan Alimbay (2009). Otandyk muzeydin ғылыми-зерттеу институтық құрылым ретіндегі мәртебесі [Status of the Central Museum as a research center]. Ortalyk muzey yenbekteri. 2 томдық. Алматы: Ғылым баспасы.

Mustapayeva D.O. (2011). Kazakstandagy muzey isinin kuryluy [Museum building in Kazakhstan]. Turkestan.

Kaynazarova A.Ye. (1995). Muzeynoye delo v Kazakhstane (1831-1925 gody) [Museum business in Kazakhstan]. Almaty.

Kartayeva T. (2005). Muzey [Museum]. Ulttyk, Entsiklopediya. 6 том. Almaty.

Kazaktyn etnografiyalık kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dastyrlı zhyesi (2017). [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. Volume 1-5]. Enciklopediya. Almaty: Adam Damu Integrasiya.